



Процесс картасы
"Маркетингті жүргізу және талапкерлерді оқуға қабылдау"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 1 - 8

«КЕЛІСІЛДІ»

Колледж педагогикалық
кенесінің отырысында

Хаттама № 7
«12» 09 2026ж

«БЕКІТЕМІН»

Қызылорда медициналық
жоғары колледжінің директоры
Ж.А Калмакова

2026ж



Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 2025-2026 оқу жылына "Мейіргер ісі" мамандығы "Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры" біліктілігімен жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерді оқуға қабылдау

ЕРЕЖЕЛЕРІ



«БЕКІТЕМІН»

Қызылорда медициналық жоғары
колледжінің директоры

Ж.А.Калмакова
« 18 » 06 2025ж

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің
2025-2026 оқу жылына «Мейіргер ісі» мамандығы
«Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігімен жеделдетілген
білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерді оқуға қабылдау

ЕРЕЖЕЛЕРІ

I. Жалпы бөлім

1. Қабылдау және емтихан комиссиялары өзінің жұмысында басшылыққа алады:
 - 1.1 Қабылдау және емтихан комиссиялары өзінің жұмысында басшылыққа алады:
 - 1.2. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 11 тармақшасы;
 - 1.3. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы»; (№578 Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 бұйрығымен бекітілген);
 - 1.4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қаулысы;
 - 1.5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №200 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бұйрығы;
 - 1.6. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия хаттамасы № 03-3/2628-И 07.06.2022ж
2. Қызылорда медициналық жоғары колледжіне негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

3. Техникалық және кәсіби білім ұйымдарына «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриаттың жеделдетілген білім беру бағдарламасын техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына енгізу (бұдан әрі – қолданбалы бакалавриат бағдарламасы) тәжірибеге бағытталған жеделдетілген кәсіби білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және енгізу үшін және мейіргер ісі мамандарын даярлау жүйесін Еуропалық бағыттамаға сәйкес келтіру үшін жүргізіледі

4. Жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша оқу мерзімі -1,6 жыл.

5. Бакалавриатта білім алушының бір қазақстандық кредитіне жұмсалған еңбек сағатының саны аудиториялық сабақ және өздік жұмысымен бірге теориялық оқыту 24 кредитті құрайды. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 45 минутқа тең. Тәжірибенің барлық түрлерінің, қорытынды аттестацияның бір академиялық сағаты 45 минутқа тең.

6. Пән бойынша қорытынды баға ағымдық, аралық үлгерім және қорытынды бақылау бағасынан (емтихан бағасы) тұрады.

II. Оқуға қабылдауды ұйымдастыру

Қызылорда медициналық жоғары колледжі 2025-2026 оқу жылына қолданбалы бакалавриаттың жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерді жергілікті мемлекеттік тапсырыс және толық төлем ақылы негізде қабылдайды:

1. Қолданбалы бакалавриаттың жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша оқу мерзімі - 1,6 жыл, «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігі тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі қосымшасымен бірге диплом (транскрипт) беріледі. Оқу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Оқыту түрі – күндізгі.

2. Оқуға қабылдау азаматтардың өтінішін қабылдау, ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады.

3. Жеделдетілген оқу нысаны бар және мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім деңгейіне түсуші тұлғалар белгіленген талаптар бойынша эссе жазу түрінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, түсу емтихандарын тапсырады.

Қабылдау комиссиясының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау туралы шешімі білім беру ұйымының сайтында орналастырылады.

4. Қолданбалы бакалавриаттың жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережелері мен эссе жазу

кестесімен және емтиханның қорытындысымен оқуға түсушілерге уақытылы мәлімдеме берілуі тиіс.

5. Оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау: оқудың күндізгі нысанына 25 маусым – 15 тамыз аралығында жүргізіледі.

6. Оқуға қабылдау жүзеге асырылады:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар медициналық мамандыққа профилі сәйкес түсушілер үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, эссе жазу түрінде арнайы конкурс өткізіледі. Эссе тақырыбы, эссені жазуға қойылатын талаптар және бағалау критерийлері білім беру ұйымдарымен анықталады.

Жеделдетілген оқу бағдарламасы бойынша «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі», «Акушерлік іс» мамандықтары бойынша, бірақ «Мейіргер ісінен» маман сертификаты бар және осы маман сертификаты бойынша кемінде 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар, техникалық және кәсіби білімі бар тұлғалар арасынан эссе жазу түрінде қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

7. Барлық оқуға түсушілер шығу тегіне, жынысына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, түсіне және ұлтына, көзқарасына, кәсібіне қарамастан бірдей құқықты пайдаланады.

Мамандыққа байланысты медициналық әлеуметтік сараптаманың анықтамасымен денсаулығына байланысты ғана шектеу қойылады.

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Мейіргер ісінің қолданбалы бақлауы» біліктілігімен жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерден қабылданатын құжаттар тізімі:

- оқуға қабылдау туралы өтініші;
- жеке басын куәландыратын құжат;
- дипломының түпнұсқасы (қосымшасымен);
- жұмыс орнынан еңбек кітапшасының көшірмесі (нотариуспен бекітілген);
- жұмыс орнынан анықтама, жұмыс өтілі көрсетілген;
- маман сертификаты;
- №075–У нысаны бойынша медициналық анықтамасы флюорография суретімен;
- 3x4 көлемдегі 4 фотосуреті;

Оқуға түсуші өзін куәландыратын құжаттарының нақты түпнұсқасын өзі тапсырады.

8. Қолданбалы бакалавриаттың жеделдетілген бағдарламасы бойынша талапкерлерді қабылдау келесі тұлғалар арасында жүргізіледі:

8.1. «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибелі мейіргер», «Мамандандырылған мейіргер» біліктіліктері және «Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер», «Акушер» біліктіліктері бойынша техникалық және кәсіби білімі бар;

- 8.2. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес тәжірибесі бар;
- 8.3. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша маман сертификаты бар;
9. Оқуға түсушілер қабылдау емтиханын (эссе) өз қалаулары бойынша қазақ немесе орыс тілінде тапсыруға құқығы бар.
10. Түсу емтиханын (эссе) қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
11. Әрбір тапсырмасының дұрыс жауабы талапкерлер жауабын бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. (Қосымша №1)
12. Түсу емтиханының (эссе) жазу колледждің арнайы оқу бөлмелерінде жүргізіледі және нәтижесі колледж сайтында жарияланады. Эссе жазуға 2 сағат 15 минут беріледі.
13. Апелляцияға өтініш түсу емтиханының нәтижесін хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияның қатысуымен қаралады.
 - 13.1. Талапкердің өзі комиссия төрайымының атына өтініш жазады.
 - 13.2. Өтініш берушінің өзімен бірге жеке куәлігі болуы қажет.
 - 13.3. Апелляцияны қарау кезінде қосымша сауалнамаға жол берілмейді.
 - 13.4. Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен рәсімделеді.

Талапкерлердің жауабын бағалау критерийлері

№	Бағалау аймағы	5 балл Толық жауап	4 балл Дұрыс жауап	3 балл күрделі /құрылымды жауап	2 балл Біржақты Бір құры- лымды жауап	1 балл Құрыль- сыз жау
1.А	Тапсырманың мазмұнын қысқаша баяндау	Тапсырма мазмұнын қысқа және нақты көрсете білуі.	Тапсырма мазмұнын эссе түрінде сипаттай және дайындай білуі	Тапсырма мазмұнын толық сипаттай және дайындай білмеуі	Тапсырма мазмұнын нақты сипаттай және дайындай білмеуі	Тапсырма мазмұнын дайындай білмейді
2.В	Өзекті мәселелерді анықтай білуі	Өзекті мәселелерді толық көрсете біледі. Берілген тапсырманы толық орындай біледі.	Өзекті мәселелерді көрсете біледі. Берілген тапсырманы толық орындай біледі.	Өзекті мәселелерді толық көрсете білмейді. Берілген тапсырманы толық орындай білмейді.	Өзекті мәселелерді толық түсінбеген. Берілген тапсырманы толық орындай білмейді.	Өзекті мәселелер анықтай білмейді. Берілген тапсырманы орындай білмейді.
3.С	Өзекті мәселе бойынша әржақты сараптама жүргізе білуі.	Өзекті мәселе-ге сараптама жүргізу барысында жүйелі және негізделген өз көзқарасын көрсете білуі. Өзекті мәселе -ге сараптама жасай, болжам жасай және негізгісін анықтай білуі.	Өзекті мәселеге сараптама жүргізу барысында өз көзқарасын негіздеп көрсете білуі.	Өзекті мәселеге сараптама жүргізу барысында өз көзқарасын көрсете білуі.	Өзекті мәселеге сараптама жүргізу барысында өз көзқарасын жүйелі және логикалық тұрғыда көрсете алмайды.	Өзекті мәселеге сараптама жүргізу барысында өз көзқарасын жүйелі түр. көрсете алмайды.
4.Д	Негізделген қорытынды жасай білуі.	Жасалған қорытынды дәлелденген, статья мазмұнына толық сәйкес келеді. Мәселені шешу жолдары қарастырылған, объективті дәлелдер қолданылған.	Жасалған қорытынды дәлелденген, статьяның негізгі бөлімінің мазмұнына сәйкес келеді.	Жасалған қорытынды толық дәлелденбеген, статья мазмұнына толық сәйкес келмейді.	Жасалған қорытынды статья мазмұнына толық сәйкес келмейді.	Статья мазмұнына сәйкес келетін қорытынды жасалмаған.
	Қорытынды	20	16	12	8	4

III. Білім алушылардың құрамына қабылдау

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда 04.06.2021ж №276 бұйрық) «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Жеделдетілген білім бағдарламасы бойынша Мемлекеттік тапсырыс жергілікті және республикалық бюджет негізінде азаматтарды қабылдау, қабылдау емтиханы (эссе) біткеннен кейін конкурс негізінде өткізіледі. Ол күндізгі оқу нысанына түсушілер үшін 28 тамыздан кешіктірілмей анықталады.

Білім алушылар қатарына қабылдау жинақталған ұпай саны негізінде конкурс бойынша жүзеге асырылады.

Қабылдау комиссиясы білім алушылар қатарына қабылдауды ашық негізде өткізеді.

Қабылдау емтиханының (эссе) көрсеткіштері бірдей болған жағдайда (растайтын құжаттары болғанда):

- біліктілігі;
- еңбек өтілі ескеріледі.

Қабылдау конкурсына қатысуға 12 балдан кем жинағандар жіберілмейді.



«БЕКІТЕМІН»

Қызылорда медициналық жоғары
колледжінің директоры

Ж.А.Калмакова / Ж.А.Калмакова

"18" 06 2025 ж

**«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриаттың
жеделдетілген білім беру бағдарламасы бойынша
түсуші талапкерлерді қабылдау емтиханының (эссе жазу)
ШАРТЫ**

Талапкерлерден қабылдау емтиханы (эссе жазу) «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 18 шілде 2016 жылғы №626 «Барлық деңгейдегі мейіргер ісі мамандарын Еуропалық директиваға сәйкес даярлаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес жасалған әдістемелік ұсыныстарды басшылыққа ала отырып жүргізіледі.

Бұл шарттағы қабылдау емтиханын жүргізуді ұйымдастыру ережелері 2023-2024 оқу жылына медицина колледжіне қабылдау ережелерін толықтырады және ол қабылдау емтиханын жүргізу құжаты болып табылады.

I. Эссе тапсырмаларын дайындау және сақтау

Эссе тапсырмалары «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен қазіргі өзекті медициналық тақырыптар негізінде дайындалған. Эссе тапсырмалары жеке құжат ретінде конвертке салынып мөрленген. Конверт талапкерлердің көзінше ашылады. Эссе тапсырмасы әр талапкерге әртүрлі тақырыпта келеді.

**II. Эссе тапсырмаларының мазмұны мен көлемі
және балл берудің принциптері**

Талапкерлерден қабылдау емтиханы (эссе жазу) «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 18 шілде 2016 жылғы №626 «Барлық деңгейдегі мейіргер ісі мамандарын Еуропалық директиваға сәйкес даярлаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы негізінде жасалған әдістемелік ұсыныстарға сәйкес эссе жазу түрінде өткізіледі.

Эссе жазуға 2 сағат 15 минут беріледі.

Осы уақыт ішінде талапкер:

1. Статъяны оқып шығады;
2. Тапсырманы қысқаша мазмұндайды;
3. Өзекті мәселелерді анықтайды;

4. Өзекті мәселеге әр түрлі көзқараста сипаттама береді;

5. Негізделген қорытынды жасайды.

Емтихан кезінде берілген уақыт аралығында талапкер тапсырманы орындамайынша емтихан бөлмесінен шығып кетуге рұқсат етілмейді. Емтихан басталуы және аяқталу уақыты талапкерге ескертіліп айтылады.

Емтихан аяқталған соң талапкердің эссе жазған парағы қағаз түрінде шығарылып, тексеріледі.

Тізімде емтиханға келмеген талапкерлердің фамилиясының тұсына келмегені жайлы белгі қойылады.

III. Емтихан аяқталғаннан кейінгі жұмыс

Саналып алынған эссе тапсырмалары қабылдау емтиханының төрайымына тексеру үшін тапсырылады.

Талапкерлердің эссе тапсырмалары бағалау критерийлеріне сәйкес 5 балдық жүйе бойынша бағаланып, бағалау парағына толтырылады.

Тексеру біткен соң, эссе тапсырмаларының қорытынды кестесі 2 дана дайындалады, бір данасы директорға тапсырылады, екінші дана қабылдау емтиханының хабарландыру тақтасына ілінеді және колледж сайтында жарияланады.

Әр талапкерге бағалау парағы толтырылып, балы бөлек есептеледі. Егер талапкердің келіспеушілігі болса, онда ол апелляцияға шағым беруге құқылы.

Бірінші дананы негізге ала отырып, қабылдау комиссиясы талапкердің медициналық колледжге қабылданғаны жайлы шешім шығарады.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Сеитова Ж.А.

